

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру
істері комитетінің төрағасы
_____ Е.Мырзабосынов
«___» _____ 20 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
гір көтеру және қол күрестіру спорты
федерациясының президенті
_____ М.Асаинов
«___» _____ 20 ж.

2024 жылға қол күресі спорты бойынша, Республикалық жарыстардың ережесі

I. Мақсаттары мен міндеті.

Жарыстың өткізілу мақсаты:

- елімізде жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және қол күресі насихаттау;
- спортшылар мен команданың спорттық шеберлігін көтеру;
- дене шынықтыру мен спортқа жастардың қызығушылығын арттыру;
- жасөспірімдер, жас жеткіншіктер мен жастар, ересектер арасында, қол күрестіру спортын дамыту;
- жарыс тәжірибиесін және спорт шеберлігін меңгеру;
- Халықаралық жарыстаға қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командасына кіретін мықты спортшыларды анықтау;
- қол күрестіру спортын дамыту үшін, спорттық мекемелердің жұмысын қорытындылау.
- ҚР ұлттық, жастар, жас жеткіншіктер, жасөспірімдер құрама командасына біліктілігі жоғары спортшылар дайындау;
- Әлем және Азия Чемпионаттарына қатысу үшін ҚР құрама командасына ең жақсы ойыншыларды іріктеу.

II. Өтетін орны және мерзімі.

1. Қазақстан Республикасының Чемпионаты: ерлер (әйелдер) арасында, қол күресі (қоссайыс) бойынша.

Уақыты және өтетін орыны:

Қол күресі: Жарыс 2024 жылдың 13-15 ақпан аралығында Астана қаласында өтеді.
Келу күні: 12 ақпан.

2. Қазақстан Республикасының Чемпионаты: жасөспірімдер, жас жеткіншіктер, жастар, мүгедектер мен ардагерлер арасында, қол күресі (қоссайыс).

Уақыты және өтетін орыны:

Қол күресі: Жарыс 2024 жылдың 04-09 наурыз аралығында Жамбыл облысы, Тараз қаласында өтеді.
Келу күні: 03 наурыз.

3. Қазақстан Республикасының Чемпионаты: ерлер (әйелдер) арасында, қол күресі (жеке дара, оң және сол қол).

Уақыты және өтетін орыны:

Қол күресі: Жарыс 2024 жылдың 5-7 маусым аралығында Ақмөла облысы, Щучинск қаласында өтеді.
Келу күні: 04 маусым.

4. Қазақстан Республикасының Чемпионаты: жастар арасында, қол күресі (жеке дара, оң және сол қол)..

Уақыты және өтетін орыны:

Қол күресі: Жарыс 2024 жылдың 03-05 желтоқсан аралығында Алматы облысы, өтеді.
Келу күні: 02 желтоқсан.

1. Қол күресінен (қоссайыс) Қазақстан Республикасының Чемпионаты

Қол күресі

Уақыты және өтетін орны: Астана қаласы – 13-15 ақпан 2024 жыл. Келу күні: 12 ақпан.

Жарыс өткізу тәртібі:

2. Қол күресі спорты жеке командалық, халықаралық ереже бойынша: өз салмақ өлшемінде екі жеңілістен кейін жарыстан шығады.

Ерлер - 50кг, 55кг, 60кг, 65кг, 70кг, 75кг, 80кг, 85кг, 90кг, **95кг**, 100кг, **105кг**, 110кг, +110кг.

Әйелдер - 45кг, 50кг, 55кг, 60кг, 65кг, 70кг, **75кг**, 80кг, **85кг**, 90кг, +90кг.

Жарыс (қоссайыс) бойынша өтеді, жалпы есеп, оң және сол қолмен көрсеткен нәтиже құрамымен:

1орын-10ұпай; 2орын-7ұпай; 3орын-5ұпай; 4орын-4ұпай; 5орын-3ұпай; 6орын-2ұпай, 7орын-1ұпай.

Екі спортшының ұпайы бірдей болған жағдайда, жеңіс - салмағы жеңіл спортшыға беріледі. Егер екі спортшының салмағы жарысқа дейін бірдей болса, жарыстан кейін қайсысының салмағы жеңіл болса - сол ұтады. Егерде барлық көрсеткіш нәтижесі бірдей болса екі спортшы бірдей жоғарғы орынға ие болады, ол бұлардан кейінгі спортшы екі орын төмен түседі. Командалық құрам өлшеусіз.

Командалық есеп: жарыс қорытындысында ерлер және әйелдер арасында жеті үздік орын және әйелдер арасында бес үздік орын нәтижесі бойынша анықталады.

Бір салмақ өлшемінде ғана екі спортшы қатысуға рұқсат етіледі.

Ұпай кестесі: 1орын-25ұпай; 2орын-22ұпай; 3орын-20ұп.; 4орын-18ұп.; 5орын-17ұп.; 6орын-16ұпай, және т.б..

Қол күресі жарысының өту бағдарламасы (қоссайыс)

Мерзімі	Уақыты	Іс-шара атауы
12.02.2024	08.00-00.00	Команданың келу күні.
13.02.2024	11.00-17.00 18.00-19.00	Тіркеу, мандаттық комиссия, салмақ өлшеу. Төрешілік семинар.
14.02.2024	10.00-10.30 11.00-14.00 15.00-20.00	Жарыстың салтанатты ашылуы. Әйелдер – барлық салмақ өлшемі бойынша. Ерлер-барлық салмақ өлшемі бойынша.
15.02.2024	10.00-14.00 15.00-19.00 19.00-21.00	Әйелдер өнер көрсетеді- жалғасы. Ерлер өнер көрсетеді-жалғасы. Марапаттау. Салтанатты жабылу.

2. Жасөспірімдер, жасжеткіншіктер, жастар және ардагерлер арасында қол күресінен (қоссайыс)

Қазақстан Республикасының Чемпионаты

Қол күресі

Уақыты және өтетін орны: Жамбыл облысы, Тараз қаласында өтеді – 04-09 наурыз 2024 жыл. Келу күні: 03 наурыз.

Жарыс өткізу тәртібі:

2. Қол күресі бойынша(қоссайыс) салмақ дәрежесі:

Жас жеткіншіктер және қыздар 14-15 жас.

Жасөспірімдер және қыздар 16-18 жас.

Жастар ересектер және қыздар 19-23 жас.

Ардагерлер ерлер (40 жас және одан жоғары, 50 жас және жоғары) және әйелдер 40 жастан жоғары.

Жас жеткіншіктер: 36кг; 40кг; 45кг; 50кг; 55кг; 60кг; 65кг; 70кг; **75кг**, **80кг**, +80кг;

Қыздар: 40кг; 45кг; 50кг; 55кг; 60кг; **65кг**; 70; +70кг.

Жасөспірімдер: **45кг**; 50кг; 55кг; 60кг; 65кг; 70кг; 75кг; 80кг; **85кг**; 90кг; +90кг.

Қыздар: **40кг**; 45кг; 50кг; 55кг; 60кг; 65кг; 70кг; +70кг.

Жастар: **45; 50; 55; 60; 65; 70; 75; 80; 85; 90; 100;** +100кг.

Қыздар: **45; 50; 55; 60; 65; 70; 75; 80;** +80кг.

Ардагер ерлер: (40-49 жас) 60; 70; 80; 90; 100; +100кг.

Ардагер ерлер: (50-59жас) 70; 80; 90; 100; +100кг

Ардагер ерлер: (60-69 жас) 70; 90; +90кг.

Ардагер әйелдер: (40-жас және жоғары) 60; 70; +70кг.

Жарыс "WAF" жалпы ережелері бойынша өтеді.

Қол күресі жарысының өту бағдарламасы (қоссайыс)

Мерзімі	Уақыты	Іс-шара атауы
03.03.2024	08.00-00.00	Команданың келу күні.
04.03.2024	11.00-18.00 19.00-21.00	Тіркеу, мандаттық комиссия, салмақ өлшеу. Допингке қарсы бақалау семинары. Төрешілік семинар.
05.03.2024	10.00-10.30 11.00-14.00 14.00-15.00 16.00-20.00 20.30-22.00	Жарыстың салтанатты ашылуы. Ардагерлер (ерлер және әйелдер) барлық салмақ дәрежесі сол қол Үзіліс. Ардагерлер (ерлер және әйелдер) барлық салмақ дәрежесі он қол. Марапаттау рәсімі.
06-07.03.2024	10.00-14.00 14.00-15.00 15.30-19.30 20.00-22.00	Жас жеткіншіктер – (балалар және қыздар) барлық салмақ дәрежесі сол және он қол. Үзіліс. Жасөспірімдер – (балалар және қыздар) барлық салмақ дәрежесі. Марапаттау.
08-09.03.2024	10.00-14.00 14.00-15.00 15.00-19.30 20.00-22.00	Жастар – (балалар және қыздар) барлық салмақ дәрежесі сол қол. Үзіліс. Жастар – (балалар және қыздар) барлық салмақ дәрежесі он қол. Марапаттау. Жарыстың салтанатты жабылуы.

3. Қол күрестіру (оң қол және сол қол жеке нәтиже бойынша) Қазақстан Республикасының Чемпионаты.

Қол күресі

Жарыс 2024 жылдың 05-07 маусым аралығында Ақмола облысы, Щученск қаласында өтеді.
Келу күні: 04 маусым.

Жарыс өткізу тәртібі:

1. **Қол күресі** бойынша (оң қол және сол қол жеке нәтиже бойынша) – салмақ дәрежесі:

Ерлер: 50кг, 55кг, 60кг, 65кг, 70кг, 75кг, 80кг, 85кг, 90кг, **95кг**, 100кг, **105кг**, 110кг, +110кг.
Әйелдер: 50кг, 55кг, 60кг, 65кг, 70кг, **75кг**, 80кг, **85кг**, 90, +90кг.

Жарыс "WAF" жалпы ережелері бойынша өтеді.

Командалық есеп: жарыс қорытындысында әр командада ерлер және әйелдер арасында жеті үздік орын және әйелдер арасында бес үздік орын нәтижесі бойынша анықталады. Бір салмақ өлшемінде ғана екі спортшы қатысуға рұқсат етіледі.

Ұпай кестесі: 1орын-25ұпай; 2орын-22ұпай; 3орын-20ұп.; 4орын-18ұп.; 5орын-17ұп.; 6орын-16ұпай, және т.б..

Қол күресі жарысының өту бағдарламасы (жеке қолда)

Мерзімі	Уақыты	Іс-шара атауы
04.06.2024	08.00-00.00	Команданың келу күні. Тіркеу, мандаттық комиссия.
05.06.2024	11.00-17.00 18.00-19.00	Салмақ өлшеу. Төрешілік семинар.
06.06.2024	10.00-10.30 10.00-15.00 15.00-19.00 19.30-22.00	Жарыстың салтанатты ашылуы. Әйелдер (сол қол) – барлық салмақ өлшемі бойынша. Үзіліс. Ерлер (сол қол)-барлық салмақ өлшемі бойынша. Марапаттау рәсімі.
07.06.2024	10.00-14.00 14.00-15.00 15.00-19.00 19.30-22.00	Әйелдер өнер көрсетеді (оң қол)- барлық салмақ өлшемі. Үзіліс. Ерлер өнер көрсетеді(оң қол)- барлық салмақ өлшемі. Марапаттау. Салтанатты жабылу.

4. Жастар арасында, қол күресі (жеке дара, оң және сол қол) Қазақстан Республикасының Чемпионаты

Жарыс 2024 жылдың 03-05 желтоқсан аралығында Алматы облысында өтеді.
Келу күні: 02 желтоқсан.

Жарыс өткізу тәртібі:

1. **Қол күресі** бойынша (оң қол және сол қол жеке нәтиже бойынша) – салмақ дәрежесі:

Жастар: 45кг, 50кг, 55кг, 60кг, 65кг, 70кг, 75кг, 80кг, 85кг, 90кг, 95кг, 100кг, +100кг.

Қыздар: 45, 50кг, 55кг, 60кг, 65кг, 70кг, 75кг, 80кг, 85кг, 90, +90кг.

Жарыс "WAF" жалпы ережелері бойынша өтеді, екі жеңіліс тапқан спортшы әрі қарай өте алмайды.

Командалық есеп: жарыс қорытындысында әр командада ерлер және әйелдер арасында жеті үздік орын және әйелдер арасында бес үздік орын нәтижесі бойынша анықталады. Бір салмақ өлшемінде ғана екі спортшы қатысуға рұқсат етіледі.

Ұпай кестесі: 1орын-25ұпай; 2орын-22ұпай; 3орын-20ұп.; 4орын-18ұп.; 5орын-17ұп.; 6орын-16ұпай, және т.б..

Қол күресі жарысының өту бағдарламасы (қоссайыс)

Мерзімі	Уақыты	Іс-шара атауы
02.12.2024	08.00-00.00	Команданың келу күні.
03.12.2024	11.00-18.00 18.30-20.00	Тіркеу, мандаттық комиссия, салмақ өлшеу. Төрешілік семинар.
04-05.12.2024	10.00-10.30 11.00-14.30 14.30-15.00 15.00-20.00 20.00-22.00	Жарыстың салтанатты ашылуы. Қыздар – барлық салмақ өлшемі бойынша. Үзіліс. Жастар – барлық салмақ өлшемі бойынша. Марапаттау рәсімі. Салтанатты жабылу.

III. Спорттық жарыстарды өткізу жүйесі

3.1. ҚР чемпионатын ұйымдастыру және өткізу ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің, «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК және «ФГиА РК» өзара келісу қағидағары негізінде спорттық-бұқаралық іс-шаралардың өткізудің бірыңғай республикалық күнтізбелік жоспарына сәйкес жүргізіледі, сондай-ақ қол күресі жаттықтырушылар мен спортшыларды жарысқа іссапарға жіберуге негіз болып табылатын чемпионаттар мен халықаралық жарыстарды ұйымдастырады.

3.2. ҚР чемпионаты Халықаралық қол күресі федерациясының (WAF пен AAF) ресми ережелеріне, осы Ережеге, оның қосымшасына және спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбелік жоспарына сәйкес өткізіледі.

3.3. Ережеге қосымша оның құрамдас бөлігі болып табылады. Чемпионаттың барлық қатысушылары Ереженің ережелерін және оның талаптарын білуге және сақтауға міндетті.

3.4. Қол күрес бойынша ҚР чемпионатына жалпы басшылықты ҚР Туризм және Спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті және «ФГиА РК» жүзеге асырады. Жарысты тікелей өткізу «ФГиА РК» бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

3.5. Республикалық жарыстарды тікелей ұйымдастыру: ҚР чемпионаты, жастар арасындағы ҚР Чемпионаты (қабылдау, өткізу, орнын дайындау, аппаратурасы, орналастыру, медициналық қызмет көрсету), Чемпионат турнирлерін өткізу орны бойынша қалалық, облыстық Спорт басқармаларына, клубтарға (иелері), БЖСМ, ОРМБЖМ-не жүктеледі.

- әлемдік «ФГиА РК» (WAF) талаптарына сәйкес келетін табиғи жабыны бар алаң немесе жасанды жабыны бар алаң;
- жарысқа қатысушылардың тұратын орындары;
- қабылдаушы тарап өткізетін жарыстарды ұйымдастыру сапасы;
- «ФГиА РК» насихаттау (афиша, БАҚ, интернет сети, теледидар, көрермендердің қатысуы).

IV. Жарыстың өткізілуіне басшылық ету.

Жарысқа жалпы басшылықты және өткізу мен ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Туризм және Спорт министрлігі, спорт комитеті атқарады. Жарыстың өткізілу бағдарламасы гир спорты қол күресі федерациясы ұсынған және Қазақстан Республикасының Туризм және Спорт министрлігі, спорт комитеті бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

V. Жарысқа қатысушылар.

Қазақстан Республикасының Чемпионаттары мен Кубогына: облыстық (қалалық) дене шынықтыру диспансері рұқсат қағазы бар, тек «ҚР ФГиА» федерациясының мүшелері, спорттық клубтар, "ДРС", спорт-мектептер, аймақтық немесе қалалық аккредиттелген федерацияның өтініші, қол күрестіру спорттарын әдетке айналдырған ҚР – ның облыстар мен қалалары қатысады.
Команда құрамы: үш бапкер, екі төреші.

Қол күресінен жарысқа түсетін әр қатысушы оң немесе сол қолмен өз салмақ дәрежесінде немесе бір саты жоғары салмақ дәрежесінде жарысқа қатыса алады. Қатысушының спорттық киімі жарыс талаптарына сай болуы тиіс, бұлай болмаған жағдайда, қатысушы жарысқа жіберілмейді. Марапаттауға спортшы спорт киімімен шығуға міндетті. Халықаралық Федерация қоғамдарымен байланысқа шығуға жұмсалады.

VI. Марапаттау.

Қол күрестіру спортынан I орын алған команда – бағалы сыйлықпен, кубокпен және дипломдармен марапатталады. Екінші және үшінші орын алған командалар алған орындарына байланысты кубоктар мен дипломдармен марапатталады. Өз салмақ дәрежесінде: 1,2 және 3 орын алған жарыс қатысушылары Қазақстан Республикасының Туризм және Спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері Комитеті медальдары мен дипломдарына ие болады.

VII. Қаржылық шарттары.

Жаттықтырушылар мен спортшыларды іссапарға жіберу бойынша шығындар (жолақысы, жолдағы тәулік ақысы, жалақының сақталуы, жарналар, жарналар, тамақтануы және қонақ үйде тұруы) іссапарға жіберуші ұйымның есебінен жіберіледі.

Жарыстардың жеңімпаздырымен жүлдегерлерін марапаттау бойынша шығындары (кубоктар, медальдар, дипломдар), бас жаттықтырушы мемлекесттік жаттықтырушы, аға жаттықтырушы, және команда басшысының іс-сапар шығындары (жолақы, тәулік ақысы, қонақ үйде тұру) Спорт және дене шынықтыру істері Комитетінің «РМҚК СДД» жүзеге асырады.

VIII. Ұсыныс.

Алдын ала ұсыныстар Қазақстан Республикасының гир спорты және қол күресі федерациясының ұйымдастырушысы комитетіне жарысқа дейін 10 күн бұрын берілуі керек және қанша спортшы, қай салмақ дәрежесінде көрсетілуі тиіс. Сәйкес формада жасалған, дәрігермен куәландырылған ұсыныстар бас төрешілер алқасына, мандаттық комиссияға келген күні ұсынылады.

Анықтама телефондары:

М.Асаинов– 87015136772, А.Алиев– 87771709500, С.Михайлов- 8 7771936076, М.Кадралыев- 87774733388

IX. Жарысқа қатысушылар мен көрермендерді сақтандыру шаралары.

Спорттық жарыстар Қазақстан Республикасының өңіріндегі – халықаралық үлгідегі ғимараттарда, жарысқа қатысушылардың және көрермендердің сақтандыру шараларын және қоғамдық тәртіпті сақтай алатын, спорттық спорттықжарыстарды жоғары дәрежеде өткізе алатын, халықаралық стандартқа сәйкес әктісі бар, спорттық комплекстерде өткізілу керек.

Жарыс жүріп жатқан мезгілде – медицина қызметкерлері керек болған жағдайда, шұғыл көмек көрсету үшін, дайын отыру қажет.

Әрбір жарысқа қатысушының, жарысқа қатысуға рұқсат беретін, денсаулығы туралы дәрігермен куәландырылған ұсыныс қағазы болуы тиіс.

Барлық командалар өздерінің обылыстық немесе қалалық іріктеу хаттамаларын, сондай-ақ әрбір спортшы үшін медициналық сақтандыруды ұсынуы керек.

X. Допингке қарсы бақылау.

Барлық спортшылар кез келген жағдайда. Бүкіләлемдік допингке қарсы күрес ұйымының (ассоциацияның) шарасы бойынша – допинг бақылаудан өтуге міндетті.

Барлық спортшылар допингке қарсы күрес заңының ережесін сақтау қажет. Егерде спортшы допингке қарсы күрес заңын орындамаған, қарсы шыққан және де допинг тесттен өтпеген, анализ тапсырудан келмеген жағдайда, оған қарсы допингке қарсы күрес заңының ережесі бойынша санкция қолданады (спортшыға толық дисквалификация жасалуы мүмкін).

XI. Медициналық-санитарлық қамтамасыз ету және техника қауіпсіздігі

Күшейтілген дезинфекциялық санитарлық режимнің талаптары:

- командалардың бөлек және қауіпсіз орналасуы мен тамақтануын қамтамасыз ету (жарыс өтетін орынға барынша жақын болуы);
- орналасқан және тамақтанатын, жарыс өтетін орындардан тыс жерлерге қатысушылардың баруын шектеу
- тазалықты сақтау, қоқысты уақтылы шығару, аптасына 1 рет «санитарлық күн» өткізу; санитарлық тораптарды (дәретхана және т.б) жеке тазалық құралдарымен (сұйық сабын, антисептиктер) қамтамасыз ету;
- кондиционерлерді тазалап тұру.

XII. Шағымдану және апелляция.

Шағымдар мен келіспеушілікті (апелляция) бас төрешілер алқасы: қол күресінде 2 минут уақыт аралығында, 20 минут уақыт ішінде шешім шығарады.

Берілген шағым мен келіспеушілікке жауап, ауызша немесе жазбаша түрде беріледі және шешім оның көрсеткен нәтижесі бойынша шығады және орындалады.

XIII. Төрешілер алқасының сандық құрамы.

Чемпионат төрелік ету (WAF пен AAF) ережелеріне және осы ереженің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Төрешілерді оқыту және даярлау процесіне басшылық ету төрешілер алқасына жүктеледі. Төрешілерді даярлау мен олардың тікелей жұмысына басшылық жасау "ФГиА РК" жүктеледі.

Жарыстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша ҚР чемпионатының комиссарын, хатшысын және бас төрешісін "ФГиА РК" жалпы жиналысында тағайындайды. Алаңда төрешілерді турдың бас төрешісі ҚР чемпионатының комиссарымен келісе отырып тағайындайды.

Чемпионаттың әр жарыстын ҚРЧ комиссары, бас төреші, мандат комиссиясы, төрешілер алқасы (алаңдағы төрешілер, бүйірлік төрешілер), хатшы қызмет көрсетеді.

Жарыс өтетін жерге келгеннен кейін төрешілер дереу ҚРК комиссарына өзін таныстыруы тиіс.

Қол күресі

№	Жарыстардың аттары	Өтетін орны және уақыты	Медальдардың саны (жинақтары)	Дипломдардың саны	Кубоктар саны
1.	ҚР Чемпионаты (ер, әй.) (қоссайыс)	Астана қ. 12-15.02.2024г.	25 жинақ 75 дана.	28 жинақ 84 дана.	9 дана.
2.	ҚР Чемпионаты (кад, юн, жас, ард.) (қоссайыс)	Тараз қ. 03-09.03.2024г.	75 жинақ. 225 дана.	80 жинақ. 240 дана.	15 дана.
3.	ҚР Чемпионаты (ер, әй.) (жеке дара, оң және сол қол)	Щучинск қ. 04-07.06.2024г.	48 жинақ. 144 дана.	51 жинақ. 153 дана.	9 дана.
4.	ҚР Чемпионаты (кад, юн, жас.) (қоссайыс)	Алматы обл. 02-05.12.2024г.	48 жинақ. 144 дана.	51 жинақ. 153 дана.	9 дана.

Барлық облыстар мен Нур-Султан, Алматы, Шымкент және тағы басқа құрама командалар үшін, осы ереже жарыстарға арнайы шақыру болып есептеледі.